

Ақмола облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 шілдедегі № А-7/389 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

"Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № а-4/172 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7787 болып тіркелген);

"Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № а-4/172 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № А-2/36 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8344 болып тіркелген).

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысы әкімінің міндетін атқарушы

Е.Рамазанов